

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
«Ауыл» партиясы
фракциясының мүшелеріне

«Аманат» партиясы
фракциясының депутаты
Б.Б. Керімбекке

2024 жылғы 20 қыркүйектегі № ДС-307 сауалға

Құрметті депутаттар!

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (*бұдан әрі – ӘКК*) қызметіне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Жалпы, ӘКК-ның қызметі «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы», «Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» және т.б. заңдармен реттеледі.

Сонымен бірге ӘКК ҚР заңнамалық актілерімен ұсынылған құқықтық мүмкіндіктерді негізге ала отырып, қызмет түрлерін жүзеге асырады.

ӘКК «Мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысының реттелуіне жатады (*мысалы, коммерциялық қызмет және басқару мәселелері бойынша консультация беру; басқа топтарға енгізілмеген өзге де кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет; экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу; коммерциялық және кәсіпкерлік қоғамдық ұйымдардың қызметі*).

Сондай-ақ ӘКК әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті

бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдар болып табылады.

ҚР Бюджет кодексінің 179-бабына сәйкес ӘКК сенім білдірілген агент болуға құқылы.

ҚР Азаматтық Кодексі мен «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы заңды тұлғалардың заңнамада тыйым салынбаған кез келген қызметті жүзеге асыруға және табыс алуға құқылы екендігін көздейді.

Осылайша, ӘКК жұмыс істеген уақыт ішінде белгілі бір тәжірибе жинақталып, кең ауқымды мәселелерді шешу бойынша база құрылды (*инвестициялық жобаларды іске асыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік инфрақұрылымды ұйымдастыру және т.б.*).

Сонымен қатар «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға заңнамалық түзетулер әзірленді. Атап айтқанда, бұл құру мақсаттарын белгілеу, ӘКК функцияларының толық тізбесін (*активтерді басқару, жеке бизнеспен әріптестікте жобаларды іске асыру және т. б.*), жобаларды іріктеу және іске асыру тәртібі, ӘКК-тің жеке кәсіпкерліктің өзге субъектілерімен өзара іс-қимыл тетігін айқындау және т.б.

Сондай-ақ, пәтерлер мен коммерциялық үй-жайлардың бір бөлігін (*тұрғын үй құрылысы кезіндегі жалпы алаңның кемінде 2%*) коммуналдық меншікке кейіннен бере отырып, облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін конкурстан тыс жер учаскелерін ӘКК-ге беру жөнінде түзетулерге бастамашылық жасалуда.

Қолданыстағы ӘКК қызметі туралы ақпаратты қосымшаға сәйкес жолдаймыз.

Н. Байбазаров

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың
қызметі туралы ақпаратқа қосымша

«KOKSHE» ӘКК қызметі

«KOKSHE» ӘКК (бұрын – «Есіл» ӘКК) 2010 жылғы 15 қазанда тіркелген. Жарғылық қызмет түрлері шеңберінде ӘКК төменде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырады.

ӘКК-мен бірлесіп іске асырылған ең ірі инвестициялық жобалар:

- Картоп пен көкөністерді тиімді өндіруді, сақтауды және бастапқы өңдеуді құру. Инвестиция көлемі – 592,6 млн.теңге.

- «Масальское» кен орнында темір кендеріне барлау жүргізу. Инвестиция көлемі-2,2 млрд.теңге.

- «Көкшетау» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС ауыл шаруашылығы жұмыстарының түрлері бойынша қызмет көрсету үшін. Инвестиция көлемі – 3 48 млн.теңге.

ӘКК 2011 – 2024 жылдар аралығындағы кезеңде 98,7 млрд.теңге сомасына кепілдіктер берілді.

Қазіргі уақытта бағдарламаның шарттарына сәйкес ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ алдында кепілдіктер алу үшін ӘКК немесе кез келген екінші деңгейдегі банктің кепілдігін алуға мүмкіндігі бар.

ӘКК-нің азық-түлік тауарлары нарығындағы бағаны тұрақтандыру жөніндегі миссиясы сауда желілері немесе дистрибьюторлар арасында сатылатын өнімге бағаны демпингтеу жолымен үстем позицияға ие болу емес, бірақ кешенді тәсіл арқылы тауар өндірушілерге, сауда желілеріне жеңілдікпен кредит беру, сондай-ақ осы нарықтағы маусымдық әсерді азайту және тегістеу үшін тұрақтандыру қорларын қалыптастыру жолымен азық-түлік өнімдері нарығына ықпал ету болып табылады.

«Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» ММ мен ӘКК – қоғам арасындағы 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 2 тапсырма шартының негізінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру шеңберінде сенім білдірілген агент болып айқындалды.

Осы бағыт шеңберінде 2023 – 2024 жылдар кезеңінде Ақмола облысында жалпы сомасы 15 млрд.теңгеге сүт-тауар фермаларын құру бойынша 7 инвестициялық жоба қаржыландырылды.

Ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау үшін ауыл халқына микрокредиттер беру шеңберінде 2023 жылы 1,2 млрд.теңге сомаға өз бизнесін ұйымдастыру үшін 198 ісін жаңа бастаған кәсіпкер қаржыландырылды, 205 жаңа жұмыс орны құрылды.

2024 жылдан бастап ӘКК «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша көктемгі егін және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландыру жөніндегі қаржы институты бола отырып, ағымдағы жылы ӘКК 11 млрд.теңге сомасына 35 қарыз алушыны қаржыландырды.

2011-2023 жылдары алынған шығынның жалпы сомасы 3,1 млрд. теңге. Бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 1,34 млрд. теңге.

«Сарыарқа» ӘКК қызметі

«Сарыарқа» ӘКК 2010 жылғы 19 қарашада тіркелген.

Жарғылық қызмет түрлері шеңберінде ӘКК төменде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырады.

ӘКК – мен бірлесіп іске асырылған ең ірі инвестициялық жобалар:

- «Қарағанды облысының Саран қаласында тұрмыстық техника өндірісін ұйымдастыру», инвестиция көлемі – 24,9 млрд.теңге.

- «Қарағанды облысы, Саран қаласында шиналар өндірісін ұйымдастыру», инвестиция көлемі – 234,0 млрд.теңге.

Бүгінгі таңда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ «Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру үшін ӘКК-ні қаржыландыруды ұсыну» қарыз операциясы шеңберінде «Сарыарқа» ӘКК» АҚ» жалпы ауданы 47 000 ш.м 3 ШӨА құру мақсатында жалпы сомасы 9,87 млрд.теңгеге кредиттер берді.

2020 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген талдауға сәйкес бағдарлама бойынша Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) кепілдіктерін алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің (АШТӨ) үлесі 6 құрады.

2024 жылы ӘКК агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру бағдарламасы бойынша сенім білдірілген өкіл (агент) болып айқындалды. Оның шеңберінде жерді суару, сүт-тауар фермаларын салу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және т.б. бойынша ірі жобалар қаралады және қаржыландырылады.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы шеңберінде 2023 жылы Қарағанды облысында ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға және табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» бюджеттік кредиттеу бағдарламасын іске асыру басталды. Бұл бағдарламаның мақсаты мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, техника мен жабдықтар, ауыл шаруашылығы емес бизнес салаларындағы жобаларды іске асыру үшін ауыл тұрғындарына шағын несие беру болып табылады. 2023 жылы Қарағанды облысы бойынша бағдарлама шеңберінде ӘКК бюджеттік кредиттеу кезінде сенім білдірілген өкіл (агент) ретінде 3,4 млрд.теңге сомасына 456 кредит берілді. Оның аясында қарыз алушылар жалпы сомасы 881 млн.теңгеге ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарын, негізгі қаражатын және жалпы сомасы 2 млрд. 524 млн.теңгеге мал сатып алды.

«Сарыарқа» ӘКК «Кең дала 2» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты ӘКК агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру жүзеге асырылмады.

2011-2023 жыл кезеңіндегі шығынның жалпы сомасы 9 735 млн. теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 858,1 млн. теңге құрады

«Қонаев» ӘКК қызметі

«Қонаев» Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы 2022 жылғы 17 қазанда құрылды.

ӘКК-мен бірлесіп іске асырылған ең ірі инвестициялық жобалар:

- Екі оператормен асыл тұқымды ІҚМ және ҰҚМ сатып алуды қаржыландыруға бірлескен қызмет туралы келісімшарттар жасалды, нәтижесінде 7 АӨК субъектісіне 820 асыл тұқымды ІҚМ және 5 079 асыл тұқымды ҰҚМ сатылды;

- Лизинг алушылармен 19 қаржылық лизинг шарты жасалды, олардың негізінде 1 351 бас асыл тұқымды ІҚМ және 5 693 бас асыл тұқымды ІҚМ лизингке берілді.

2024 жылдың бірінші тоқсанында облыстан Жетісуға берілген қарыздардан облыс бюджетіне 1,0 млрд.теңге сомасында бюджеттік несиелер қайтарылды.

Қазіргі уақытта жеңілдікпен несиелеуге арналған қаражат 4,97 млн.теңгені құрайды

Қазіргі уақытта 17 кәсіпкерлік субъектісінің айналымында 10 969 тонна ӘМАТ мен 21 млн. жұмыртқаны өндіру және өткізу үшін 4,03 млрд.теңге сомасына қарыздар бар. Оның ішінде 2025 жылғы маусымаралық кезеңде бағаны тұрақтандыру кезеңіне 4 104 тонна көкөніс бар.

Осылайша, облыс бюджетінен 4 055,0 млн.теңге сомасында бөлінген қаражат түпкілікті қарыз алушылар қайтарған қаражат есебінен 550,0 млн.теңге сомасында толық, оның ішінде револьверлік түрде игерілді.

Қоғамның жарғылық капиталын толықтыруға мемлекеттік активтерді іскерлік айналымға тарту мақсатында Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 23 шілдедегі № 228 қаулысымен келесідей жылжымайтын мүлік нысандары берілді.

Жобаны іске асыру негізгі 3 бағыт бойынша көзделеді:

- Өсімдік шаруашылығы саласының инвестициялық жобалары;
- Су үнемдеу технологияларын енгізу;
- Машина-трактор паркін жаңарту.

2022-2023 жылдары алынған пайда – 19,7 млн. теңге, бюджетке төленген салықтар 142,5 млн. теңге.

«Семей» ӘЖК қызметі

«Семей» «Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамы 2022 жылғы 21 қазанда құрылды.

ӘЖК-мен бірлесіп іске асырылған ең ірі инвестициялық жобалар:

2023 жылы «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында қоғам 2 059,5 млн.теңге бөлді. Өткізілген скрининг қорытындысы бойынша 6 аудан, оның ішінде 96 ауылдық округ енгізілді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Қоғам 2 059,5 млн.теңге сомасында қаражатты толығымен игерді.

280 жұмыс орны құрылды, 210 жеке кәсіпкер тіркелді.

363 жеңілдетілген қарыз берілді, оның ішінде:

- ҚМ сатып алуға 1066,3 млн.теңге сомасына 205 қарыз (2741 аналық бас сатып алынды);

- шағын және орта кәсіпкерлікті сатып алуға 113,9 млн. теңге сомасына 21 қарыз (2050 қой сатып алынды);

- жылқы сатып алуға 835,6 млн.теңге сомасына 129 қарыз (1880 бас жылқы сатып алынды);

- омарта ашуға 16,5 млн. теңге сомасына 3 қарыз (250 ара отбасы сатып алынды);

Ауыл шаруашылығына жатпайтын бизнес түрлеріне 27,1 млн.теңге сомасына 5 қарыз (жабдықтар мен негізгі құралдарды сатып алу және наубайхананы одан әрі ашу).

Отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басын сатып алуға микрокредит беру шеңберінде сүт фермалары мен ауыл шаруашылығы техникасына арналған жабдық қаржыландырылды:

- «Өрнек» ЖШС 1 млрд теңге сомасына;

- «Қаликанұлы» ШҚ-1 млрд теңге сомасына жеке кәсіпкер Қаликов Марат Қаликанұлы.

Сонымен қатар, 2024 жылы Қоғам ауылшаруашылық жерлерін суару жобаларын қаржыландыруды жоспарлап отыр.

Сондай-ақ, 2024 жылға арналған жобалардың әлеуетті пулын қалыптастыру шеңберінде, ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін анықтау мақсатында, қоғам сауалнамаларға сәйкес 327 елді мекенде, 8 ауданда, 135 ауылдық округ бойынша (оның ішінде Семей қаласының әкімшілік аумақтарының ауылдық округтерінде) скрининг өткізілді.

Ағымдағы жылы скрининг қорытындысы бойынша кредиттеуге облыс аудандарының барлық ауылдық округтері тартылатын болады. Ағымдағы жылға 1 320,0 млн.теңге бөлінді. 280 жаңа жұмыс орнын құру және АӘЖ алатын 10 адамды қаржыландыру жоспарлануда.

2022-2023 жылдары бюджетке төленген салықтар 347,7 млн. теңге құрады.

«Тобыл» ӘКК қызметі

Қазіргі уақытта ӘКК жалпы мәлімделген құны 1,0 трлн.теңге құрайтын 38 инвестициялық жобаны іске асыруға қатысуда, көрсетілген жобаларды іске асыруға ӘКК құйған инвестициялары 87,2 млрд.теңгені құрайды.

Қостанай қаласының солтүстік-батыс ауданының өнеркәсіп аймағында жалпы алаңы 400 га құрайтын республикалық маңызы бар индустриялық аймақ құрылды, ал ӘКК оны басқарушы компания болып айқындалды.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыруға, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің «Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы алдында алған қаржыландыру бойынша міндеттемелерін орындауына кепілдік беруге, агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беруге қатысады.

2011 – 2023 жылдары алынған пайданың жалпы сомасы шамамен 2,1 млрд.теңгені, ӘКК төлеген салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жалпы сомасы – 2,3 млрд.теңгені құрады.

«Байқоңыр» ӘКК қызметі

«Байқоңыр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - ӘКК) 2010 жылғы 14 желтоқсанда құрылды.

ӘКК қызметінің басынан бастап жалпы сомасы 22,9 млрд.теңге болатын 112 жобаға қатысты, оның ішінде тартылған инвестициялар көлемі 13,9 млрд.теңгені құрады, ӘКК үлесі 9,1 млрд.теңгені құрады. 1500-ден астам жұмыс орны құрылды.

Қазіргі таңда, ӘКК-ның үлесін 112 кәсіпорынның 58 – і жоба әріптестері толығымен сатып алды (ӘКК салымдарының сомасы – 2,5 млрд теңге).

Бүгінгі күні ӘКК портфелінде жалпы сомасы 13,6 млрд. теңге құрайтын 25 жоба бар, оның ішінде тартылған инвестиция көлемі 8,3 млрд.теңге, ӘКК үлесі 5,3 млрд. теңгені құрайды.

25 жобаның ішінде 11,3 млрд.теңгені құрайтын 22 жоба жүзеге асырылған, 2,3 млрд.теңгені құрайтын 3 жоба жүзеге асырылу сатысында.

Сонымен қатар, ӘКК – мен «Ауыл аманаты», «Кең дала – 2», «Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру», «Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру» бағдарламаларын жүзеге асырылуда.

«Ауыл аманаты» бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2023 жылы 3 млрд.теңге қаржы бөлініп, 406 жоба несиелендірілді (33 кооператив және 373 жеке кәсіпкер). Берілген несиелер бойынша 713 жұмыс орындары ашылды. Осы ретте, қайтарылған қаржы есебінен биылғы жылы қосымша 7 жоба 79,1 млн.теңгеге қаржыландырылды.

Көктемгі дала егін егу және жинау жұмыстарын жүргізуге «Кең дала – 2» жобасы шеңберінде корпорацияға 5 млрд. теңге несие қаржысы бөлінді. Бүгінгі күнге 16 шаруашылықтан 5,8 млрд.теңгеге өтінім түсіп, оның 2,9 млрд.теңге құрайтын 10 өтінім мақұлданып қаржыландырылды. «Даму» қоры арқылы мақұлданған 10 жобаға 2 млрд. теңге көлемінде кепілдеме берілді.

«Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға кредит беру» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 5 млрд.теңге қаржы қаралып, Жоспарланған қаражаттың бүгінгі күнге 2 млрд.теңгесі ӘКК шотына аударылды. Бағдарламаның өкілді (агентті) ретінде жобалар іріктелуде.

«Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру» жобасын іске асыру аясында екі жобаны қаржыландыру үшін ӘКК «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-нан 736,7 млн.теңге сомасында қарыз қаражаты тартылды.

Соңғы қарыз алушыларды несиелеудің жалпы сомасы 841,8 млн.теңгені құрайды, оның 105,1 млн.теңгесі ӘКК-нің меншікті ақшалай қаражаты. Қазіргі уақытта «Шағын өнеркәсіптік аймақтарды құру» бағдарламасы аясында ауыл шаруашылығы өндірушілерінің өнімдерін қайта өңдеу бойынша азық-түлік бағытындағы шағын өнеркәсіптік аймақты салу бойынша 1 жоба 420,9 млн.теңгеге қаржыландырылды. Ұқсас бағыттағы тағы бір жобаны іске асыру жоспарлануда.

2011-2023 ж.ж. алынған пайда сомасы шамамен 575 млн. теңгені құрады, ал бюджетке төленген салық сомасы 1 915 млн. теңгені құрады.

«Каспий» ӘЖК қызметі

ӘЖК-мен бірлесіп іске асырылған ең ірі инвестициялық жобалар:

- «Ақтау қаласының автобус паркін жаңарту» жобасы іске асырылуда.
- «Маңғыстау облысының өңірлері мен Ақтау қаласында автобус паркін жаңарту» жобасы.

Жоба Параметрлері: Жобаның жалпы құны: 1 444,4 млн.теңге. 2022 жылғы 1 шілдеде 12 автобус Ақтау қаласы бойынша №2, №4 маршруттарға пайдалануға берілді. 2022 жылғы 25 қазанда «Ақтау – Басқұдық – Ақтау» №105 маршрутқа 16 автобус берілді.

- «Пластмасса бұйымдарға полимер орамасын (ыдысын) өндіру» жобасы. Жобаның жалпы құны: 368,4 млн.теңге. 2022 жылғы 2 қыркүйекте өндірістік нысанның пайдалануға беру актісі алынды. Бүгінгі күні 13 жұмыс орны құрылды. 2022 жылы жалпы сомасы 25 млн. теңгені құрайтын 17,6 тонна өнім шығарылды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша жалпы сомасы 68 млн.теңгеге 54 тонна өнім шығарылған. 2024 жылы 95 тонна өнім өндіру жоспарланған.

Еншілес ұйымдар және тәуелді ұйымдар арқылы іске асырылған инвестициялық және инновациялық жобалар:

- «Индустриалды парк Маңғыстау» ЖШС;
- «Каспий» тұщыландыру зауыты» ЖШС. Зауытты жаңартудың 2 кезеңі өткізіліп, су тұщыту қуаттылығы алдымен 20 000 шаршы метрге, содан кейін 40 000 шаршы метрге дейін ұлғайтылды. Тұщытылған суды Мұнайлы ауданы және Қарақия ауданының Құрық ауылының тұрғындары пайдалануда.

Маңғыстау облысы бойынша «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыруға 1 200 000 000 теңге бөлінді. Ауыл тұрғындарының кірісін арттыру жобасының ауқымын кеңейту үшін ауыл тұрғындарына шағын несие түрінде қаражат берілді.

Қаражатты игергеннен кейін Қоғам қарыз қаражатының мақсатты пайдаланылуын тексеру жұмыстарын (мониторинг) 2024 жылдың қаңтар айы мен сәуір айы аралығы жүргізді.

2011 – 2023 жылдары алынған пайданың жалпы сомасы шамамен 0,8 млрд. теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы – 0,7 млрд. теңгені құрады.

«Павлодар» ӘКК қызметі

Жаңа өндірістерді құру және қолданыстағы өндірістерді жаңғырту жөніндегі міндеттерді іске асыру кезінде ӘКК шағын және орта бизнес жобаларына назар аударады. 2021 – 2022 жылдар кезеңінде ӘКК құны 892 млн.теңге болатын 4 ШОБ жобасын іске асырды, оның ішінде тазартылған күнбағыс майын өндіру, демалыс аймағын салу, фри картобын өндіру бойынша.

Анықтама: 2023 жылдың қорытындысы бойынша жеке есептілік бойынша пайда 239,7 млн. теңге, бұл 2022 жылғы ұқсас көрсеткіштен 32% – га жоғары (бір қызметкерге шаққандағы пайда – 6,7 млн.теңге).

Сондай-ақ шоғырландырылған пайданың оң серпіні байқалады (2023 жылы өсім 23% - га, трамвай басқармасының шығындары 192,5 млн.теңге).

2023 жылы ӘКК екі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қатысты:

1) «Ауыл Аманаты» 1,5 млрд.теңге бөлінді және игерілді.

2) АӨК саласындағы жобаларға кредит беру - 2023 жылы бөлінді

10 млрд. теңге, жалпы сомасы 9,2 млрд.теңгеге 6 жоба қаржыландырылды, игеру 92% құрады.

Анықтама: 2024 жылы ауыл аманаты бағдарламасы бойынша сенім білдірілген агенттің 2,6 млрд.теңгеге қызмет көрсету шарты жасалды, 1 млрд. теңге бөлінді.

2024 жылы ӘКК-нің даму жоспарына сәйкес 250 млн.теңге сомасына ШОБ-тың 5 инвестициялық жобасын іске асыру көзделген.

Ағымдағы жылы «Кең Дала 2» бағдарламасын іске асыру үшін 2025 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімге 10 млрд. теңге сомасына кредиттік желі ашу туралы АҚК-мен негіздемелік келісім жасалды.

Анықтама: бүгінгі таңда 9,5 млрд.теңге сомасына 90 өтінім қабылданды, оның ішінде 7,7 млрд.теңге сомасына 78 қарыз берілді.

Достық шағынауданындағы екі тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, 22 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Бірлескен қызмет туралы шарт шеңберінде БҚ тұрғын үй кешенінің құрылысына ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптама жүргізіледі Н. Назарбаев даңғылы, 307 (1-жол) жалпы ауданы 92,8 мың ш.м. қорытындыны алудың жоспарланған күні 2024 жылғы 23 қазан.

Анықтама: тұрғын үй құрылысында 2023 жылдың қорытындысы бойынша ӘКК 15,4 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді.

Бағаны тұрақтандырудың негізгі тетіктерінің бірі тұрақтандыру қорын қалыптастыру болып табылады. 2024 жылғы 27 қыркүйектегі жағдай бойынша өнім қоры 2,6 млрд.теңге сомасына 14 мың тоннаны құрайды.

Жыл басынан бері 4,5 мың тоннаға жуық өнім сатылған «Jailau» фермерлік нарығы табысты жұмыс істеуде. Осы мысал бойынша осындай жоба Ақсу қаласында жүзеге асырылуда.

Анықтама: «PVL TRADE» ЖШС Ақсу қаласында құрылыс жобасын іске асыру туралы шарт жасасты.

2011 жылдан 2023 жылға дейін пайда 736 млн. теңгені құрайды, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 810 млн. теңгені құрайды.

«Солтүстік» ӘКК қызметі

ӘКК келесі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысты:

- Қазақстан Республикасында АӨК дамыту жөніндегі бағдарлама шеңберінде 2011 – 2012 жылдардан бастап ӘКК «ҚазАгроҚаржы» АҚ – мен ынтымақтастықта 12 шаруашылық базасында СҚО-да асыл тұқымды өнім өндірушілерді құруға қаржыландырылды. Ет-сүт бағытындағы асыл тұқымды ІҚМ және асыл тұқымды ұсақ мал сатып алу. Жобаның жалпы құны: 1 074 млн.теңге.

- «Тамды» ФҚ базасында шұбат, түйе мен қой еті, тірі мал өндіретін кәсіпорын құру». Жобаның жалпы құны: 18,5 млн.теңге.

- «СҚО Есіл ауданы Покровка ауылында сыйымдылығы 1000 тоннаға дейінгі картопты сақтауға арналған көкөніс қоймасын жаңғырту». Жобаның жалпы құны: 70,2 млн.теңге.

2021 жылы АӨК субъектілеріне 17 925,9 млн.теңге сомаға 22 нысаналы қарыз берілді, оның ішінде 13 СТФ құру үшін 8 304, 9 млн.теңге, құс фабрикаларын ұйымдастыру үшін 2 жобаға 4 330,2 млн.теңге, қой шаруашылығы кешенін құруға арналған 3 жобаға 350,3 млн.теңге, жылыжай кешенін құруға арналған 2 жобаға 3 640,0 млн.теңге, майлы дақылдарды қайта өңдеу бойынша 1-ші кәсіпорынды құруға 1 000,5 млн.теңге, кірпіш өндіру бойынша 1-ші зауытты құруға 300,0 млн.теңге мақсатты қарыздар берілді.

2022 жылы АӨК субъектілеріне ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өңдеуге 22 307,2 млн.теңге сомасына, оның ішінде 9 СТФ құру үшін 6 562, 0 млн.теңге, 2 құс фабрикасын ұйымдастыру үшін 3 210,5 млн.теңге, шошқа өсіру кешенін кеңейтуге 7 000,0 млн.теңге, егістіктерді суару тетіктерін қолдана отырып, 3 жобаны іске асыруға 2 034,7 млн.теңге, қой шаруашылығы кешенін құруға 50,0 млн.теңге, жылыжай кешенін құруға 3 000,0 млн.теңге, АЖТ өндіру зауытын салуға 250,0 млн.теңге, басқа жобаларға 200 млн.теңге мақсатты қарыздар берілді.

2023 жылы АӨК субъектілеріне ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өңдеуге 4 781,7 млн.теңге сомасына, оның ішінде 5 СТФ құру үшін 2 687,7 млн.теңге, 2 құс фабрикасын ұйымдастыру үшін 1 530,0 млн.теңге, қой шаруашылығы кешенін құруға 500,0 млн.теңге, жарма өңдеу цехын құруға арналған 1 жобаға 64,0 млн.теңге мақсатты қарыздар берілді.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар туралы заң жобасын әзірлеу мәселесі бойынша ӘКК корпорациялардың айрықша функциялары айқындалатын заң жобасын әзірлеу қажеттілігін қолдайды.

Алынған пайданың жалпы сомасы 2,4 млрд. теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 1,8 млрд. теңгені құрады.

«Түркістан» ӘКК қызметі

Жалпы тұрақтандыру қорына бүгінгі күнге дейін жергілікті бюджеттен 7,24 млрд.теңге қайтарымды негізде қаражат бөлінген. Оның 1 840,0 млн.теңгесі 2015 жылы бөлінсе, 2022 жылы 1,0 млрд.теңге және 2023 жылы 4,4 млрд.теңге бөлінген.

«Айналым схемасы» аясында 4 412,6 млн. теңге несие берілді. 2023 жылы бөлінген қаражаттың көп бөлігі, яғни 2 714,0 млн.теңгесі Үкіметің тапсырмасына сәйкес отандық қант зауыттарын қаржылай қолдау мақсатында «Меркі қант» зауытына қарыз берілген болатын. Форвардтық сатып алу бойынша тауарөндірушілермен 1 038 млн.теңгеге келісімшарттар жасалды. Форвардтық келісімшарттар тек ауылшаруашылық тауарөндірушілермен жасалды және келісімшартты қамтамасыз ету мақсатында жылжымайтын мүлікпен кепіл түрінде берілді.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» жобасын іске асыру бойынша сенім білдірілген өкіл ретінде айқындалды. Жобаны қаржыландыруға 2023 жылы республикалық бюджеттен 19,8 млрд.теңге қаржы бөлініп, бүгінгі күнге 19,5 млрд.теңгеге 3215 жоба қаржыландырылып, бөлінген сумма 98,6 %-ға игерілді.

Құрылыс саласы бойынша іске асырылған жобалар туралы жиынтық мәлімет:

- «Түркістан, Шымкент қалаларында және Мырзакент ауданында құрылысы» саласында 44,251 млрд.теңге сомасына инвестициялық жобалар іске асырылып 236 705,88 ш.м. пайдалануға берілді.

- «Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шаға ауыл округіндегі өнеркәсіптік парктер құрылысы» (10 ғимарат), жобаның құны: 4,3 млрд.теңге, жалпы ауданы – 24 780 ш.м.

- «Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шаға ауыл округіндегі көкөніс сақтау қоймасының құрылысы», жобаның құны: 1,4 млрд.теңге, жалпы ауданы – 3264 ш.м.

2011-2023 жылдар кезеңінде залалдың жалпы сомасы шамамен 1 675 млн. теңгені құрады, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы: 1 495 млн. теңгені құрады.

«Shymkent» ӘКК қызметі

«Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы 2018 жылғы 13 қыркүйекте құрылды.

Әлеуметтік маңызы бар маршруттарда қызмет көрсетуде қаланың автобус паркін жаңарту.

- лизингке 890 автобус алынды;
- 3 жеке тасымалдаушыға қайталама қаржы лизингісіне берілді;
- 1066 жұмыс орны құрылды;
- әлеуметтік маңызы бар 59 маршрут қызмет көрсетуде.

Әлеуметтік маңызы бар тауарларды сататын сауда нүктелерді тұрақтандыру қоры.

- 23 кәсіпкерлік субъектісіне қарыз берілді;
- әлеуметтік маңызы бар тауарларды сататын 100-ге жуық сауда нүктелері жұмыс жасауда.

Негізгі ірі жобалар:

- «СП Кока-Кола Алматы Боттлерс» ЖШС-алкогольсіз сусындар шығаратын зауыт, инвестициялық құны – 27 млрд теңге, 110 жұмыс орны;
- «Wan Sheng Ceramic» ЖШС керамикалық плиталар өндірісі - 25,5 млрд теңге, 100 жұмыс орны;
- «QazAlPack» ЖШС алюминий қалбырлар жиынтығы мен сусын қақпағын өндірісі- 23,4 млрд.теңге; 157 жұмыс орны;
- «Asia Trafo» ЖШС Күш трансформаторларын өндіру зауыты – 21,3 млрд.теңге, 220 жұмыс орны;
- «НМИ ЮГ» ЖШС – көпфункционалды қойма кешені, инвестициялық құны-10,2 млрд.теңге, 107 жұмыс орны.

Сонымен қатар Қоғам шағын өнеркәсіптік аймақ салу бойынша 3 жобаны қаржыландыру жұмыстары жүргізілуде:

- «Orda NS Building» – 1 кезең 2024 жылы – 34 524 ш.м.
II кезең 2025 жылы – 8476 ш.м.
- «Standard Steel KZ» - 1 кезең 2024 жылы – 14 354 ш.м.
II кезең 2025 жылы – 8029 ш.м.
- «Энерготранс-3» - 1 кезең 2024 жылы – 5000 ш.м.
II кезең 2025 жылы – 8000 ш.м.
- 2024 жылы – 53 878 ш.м;
- 2025 жылы – 24 505 ш. м.

Салынатын аймақтағы алаңдар ары қарай шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне төменгі бағамен жалға берілетін болады.

2018-2023 жылдары төленген салық сомасы 683 млн теңгені, таза пайда 3,8 млрд теңгені құрайды.

«Атырау» ӘКК» АҚ қызметі

«Атырау» Өлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы 2010 жылғы 26 сәуірде құрылды.

Бүгінгі күнге Қоғамның портфелінде 49 жоба бар, олардың жиынтық құны 102,3 млрд.теңгеге тең, оның ішінде: инвестордың қаражаты – 68 млрд.теңге, Қоғам қаражаты – 34,3 млрд.теңге.

Қазіргі таңда жүзеге асырылған жобалар саны – 35, жиынтық құны 54,8 млрд.теңге, инвестордың қаражаты – 38,8 млрд. теңге, қоғам қаражаты – 16 млрд. теңге.

Салалар бойынша қарайтын болсақ, АӨК және қайта өңдеу 15 жоба (37%), құрылыс – 9 жоба (27%), өндіріс – 6 жоба (21%), қызметтер ұсыну – 5 жоба (15%).

Жүзеге асырылған ірі жобаларды атап өтсек:

Махамбет ауданында малшаруашылық кешені ешкі өсіру және қайта өңдеу ешкі сүт және ет жобасы, құны – 1 004,72 млн.теңге, Атырау қаласындағы ет өңдеу комбинаты жобасы, құны – 3 70,0 млн.теңге, Құлсары қаласында құрылыс әк өндіру зауытын ұйымдастыру жобасы, құны – 243,9 млн.теңге.

Жүзеге асырылып жатырған жобалар саны – 14, жиынтық құны 47,5 млрд.теңге, инвестордың қаражаты – 29,2 млрд.теңге, СПК қаражаты – 18,3 млрд.теңге.

Жүзеге асырылып жатырған маңызды жобаларға тоқталатын болсақ, олар: «IClinic Атырау» көпсалалы медициналық орталығын құру жобасы, құны – 2286,80 млн.теңге, Тауарлық балық өндіру және балық өсіру фермасын құру жобасы, құны – 1045,0 млн.теңге.

2016 – 2023 жылдар аралығында 115 концессиялық және МЖӘ жобалары бойынша сараптама жүргізіліп, 152 қорытынды берілді, оның ішінде:

1. 2016 жылы – 2 концессиялық жоба, 6 қорытынды (жоба тұжырымдамасына 3, КҚ-ға 3);
2. 2017 жылы – 3 МЖӘ жобасы, 6 қорытынды (4 МЖӘ жобасының тұжырымдамасына, 2 МЖӘ шартының жобасына);
3. 2018 жылы – 14 МЖӘ жобасы, 15 қорытынды (1 қорытынды қайта);
4. 2019 жылы – 7 МЖӘ жобасы, 16 қорытынды (9 қайталама);
5. 2020 жылы – 39 МЖӘ жобасы, 39 қорытынды;
6. 2021 жылы – 3 МЖӘ жобасы, 30 Қорытынды (27 қайталама);
7. 2022 жылы – 2 МЖӘ жобасы, 2 қорытынды;
8. 2023 жылы – 38 МЖӘ жобасы, 38 қорытынды.

Қаржы-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасы (ҚЭН) бойынша 2016-2024 жылдар аралығында 20 қорытынды берілді.

2011 - 2023 жылдары алынған пайданың жалпы сомасы шамамен 18,7 млрд. теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы – 1,5 млрд. теңгені құрады.

«Ақжайық» ӘКК» қызметі

Үй шаруашылықтары мен шағын фермерлердің өнімдерін өткізу мәселесіне тоқталсақ, күні бүгінге ауылшаруашылық өндірістік кооперативтері арқылы өнім өндірушілерге құны 1 102,0 млн.теңге құрайтын 3 674 тонна сүт тапсырылса, 778,6 млн.теңгеге 442 тонна ет өнімі өткізілді.

Құс пен өсімдік шаруашылығы және де басқа да бағыттағы шағын кәсіпкерлікпен 86 млн.теңгеге тауарлар өндіріліп, жұмыс пен қызметтер көрсетілді (*851 мың дана жұмыртқа – орташа 55 теңгеден, 4,5 тонна құс еті – орташа кг 1 200 теңгеден*).

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында тек 2023 жылы 1136 жаңа жұмыс орны ашылса, биыл бұл көрсеткіш едәуір артпақ. Тағы бір айта кететін жәйт, 2024 жылғы 19 шілде күні «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде өндірілген өнімдерді өткізу нарығына қатысты, ірі сауда нүктелері мен жәрмеңкелерден бөлек, әлемдегі ірі мұнайгазконденсат кен орындарының бірі болып табылатын, соның ішіндегі өңіріміздегі ірі мұнай өңдейтін Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В. (КРО В.В.) компаниясымен меморандумға қол қойылды.

Мемлекеттік бағдарламалардан басқа, ӘКК Инвесторларға қолдау көрсету жұмыс істеу тұжырымдамасы инвесторлардың әуежайда кездесуінен бастап "бір терезе" қағидаты бойынша инвесторларды сүйемелдеу бойынша қызметтер спектрін көрсетуді, оны көлікпен сүйемелдеуді, қонақүйді броньдауды, барлық қажетті жабдықтармен, техникамен және халықаралық байланыстармен кеңсе үй-жайын ұсынуды, аймақ туралы ақпарат, мемлекеттік қолдау шаралары, инвестицияларды талап ететін жобалар туралы барлық қажетті ақпаратты берумен толықтай айналысады. Түрлі инвестициялық жобалар қолға алынып, ағымдағы жылы жергілікті және шетелдік әлеуметті инвесторларға 70-ден астам мемлекеттік қолдау шаралары бойынша консультация беріліп, қазіргі таңда төменде көрсетілген жобаларды жүзеге асыруға ниетті Оңтүстік Кореялық инвесторға жер телімін беру мәселесі бойынша ӘКК сүйемелдеуімен Аймақтық үйлестіру кеңесінің оң шешіміне қол жеткізілді:

1. Орал қаласында қуаттылығы жылына 100000 (жүз мың) тонна модульдік жылыжай кешенін салу жобасы – 5,6 млрд.теңге, ашылатын жұмыс орыны – 200 адам, жобаның аяқталу мерзімі –2026 жыл, тамыз айы;

2. Орал қаласында қоқыс өңдеу кешенінің салу жобасы– 18 млрд.теңге, ашылатын жұмыс орыны – 50 адам, жобаның аяқталу мерзімі – 2025 жыл, тамыз айы;

3. Орал қаласында қуаттылығы күніне 300 (үш жүз) тонна қоқыс жағу кешенін салу жобасы – 28,2 млрд.теңге, ашылатын жұмыс орыны – 50 адам жобаның мерзімі –2025 жыл, тамыз айы;

4. Күн электр станцияларын салу жобасы – 28,2 млрд.теңге, ашылатын жұмыс орыны – 30 адам, жобаның аяқталу мерзімі – 2025 жыл, желтоқсан айы;

2011 – 2023 жылдары алынған пайданың жалпы сомасы шамамен 101,3 млн.теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы – 545,2 млн. теңгені құрады.

«Жетісу» ӘКК» АҚ қызметі

2023-2024 жылдар аралығындағы кезеңде ӘМАТ бағаларын тұрақтандырудың 2 тетігін (*тұрақтандыру қоры және «айналымды схема»*) іске асыру үшін ӘКК-ге бюджеттен 9,2 млрд. теңге бөлінді.

Бөлінген қаражатқа 9,4 млрд. теңге сомасына 30,7 мың тонна тауар жеткізуге шарттар жасалды. 9,4 мың тонна көлемде ӘМАТ-қа тауарлық интервенция жүргізілді.

«Жетісу» ӘКК» ӨДИ» АҚ «Ауыл Аманаты» жобасының аясында 2024 жылы 2,8 млрд. теңге бөлінді, оның аясында 440 микрокредиттер беру қажет. Бүгінгі күні, ӘКК 3,2 млрд. теңге сомасына 408 өтінім қабылдады, оның ішінде 2,6 млрд. теңге сомасына (92%) 342 өтінім мақұлданды (*мал шаруашылығы бойынша: 1,4 млрд. теңге сомасына 198 өтінім мақұлданды (100%), ауыл шаруашылығы емес бизнес бойынша: 1,1 млрд. теңге сомасына 144 өтінім мақұлданды (84%)*).

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларды кредиттеу қағидаларына сәйкес, келесі қарыз алушыларға тауарлық-сүт фермаларын кеңейту үшін кредиттер берді (*жылдық 2,5 %-бен, 10 жыл мерзімге*):

- 1) «Тастөбе Агро Фуд» ЖШС-ға – 607 400 000 теңге;
- 2) «Тәуелсіздік» ЖШС-ға – 575 782 000 теңге;
- 3) «Тау Самал» ЖШС-ға – 816 818 000 теңге.

Ақсу қант зауытын қалпына келтіруге 2017 жылдан 2024 жылдар аралығында салынған инвестициялардың бүкіл көлемі 40,58 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде ӘКК қаражаты - 33,06 млрд. теңге (81,47%);

ӘКК «Қаратал» СГО» ЖШС-мен бірге «Қаратал ауданының аумағында заманауи шошқа өсіру кешенін құру жөніндегі» жобаны жүзеге асыруда, онда ӘКК 504 955 118,12 теңге сомасына Серіктестікке 20,1% қатысу үлесін сатып алды.

ӘКК инвестор «Каримов А.» ЖК-мен бірге Көксу ауданында үздік еуропалық стандарттарға сай келетін, 400 бас голштиндік тұқымды малға арналған заманауи жоғары технологиялық роботталған тауарлық-сүт фермасын (ТСФ) құру жобасын жүзеге асырды.

«Agritech» ЖШС майбұршақты терең өңдеу жөніндегі зауытты іске қосудағы қиындықтарға байланысты 2021 жылғы тамызда ӘКК-ге жобаны бірлескен қызмет арқылы жүзеге асыру бойынша жүгінді.

Пандемия кезеңінде Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен, «QazCovid-in» вакцинасын құюды ұйымдастыру жөніндегі жобаны жүзеге асыру аясында жалпы 393,5 млн. теңге сомасына 16 бірлік/жинақ жабдық сатып алынды және биологиялық және дәрілік препараттарды өндіру үшін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті жағдайға, заманауи технологияларға және жабдықтарға ие «Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорыны» ЖШС-ға қаржы лизингіне берілді.

Талдықорған қаласында автобус паркін жаңарту мақсатында 2021 жылы ӘКК 2,5 млрд. теңге сомасына 55 бірлік автобустар сатып алып, 5 лизинг алушыларға қаржы лизингіне берді.

2011 – 2023 жылдары бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы-2,5 млрд. теңге.

«Ертіс» ӘКК» АҚ қызметі

«Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтіні бойынша – Қоғам) 20.04.2007 жылы құрылды.

2015 жылдан бастап қоғамның қатысуымен барлығы 24 жоба іске асырылды, 2 488 пәтерге арналған 37 көппәтерлі үйлер пайдалануға берілді немесе 215,1 мың шаршы метр.

Жобалардың жалпы құны 33 645,46 млн.теңгені құрайды, оның ішінде ӘКК салымы – 19 532,61 млн. теңге, жеке инвестициялар –14 112,85 млн.теңге.

Қазіргі уақытта Өскемен қаласында жалпы құны 7 408,6 млн. теңге, мұнда ӘКК салымы – 5 488,2 млн. теңге, жеке инвестициялар – 1 920,4 млн.теңге құрайтын 324 пәтерге арналған 31,6 мың шаршы метр құрайтын 4 көппәтерлі үйдің құрылысы жүргізілуде.

Инвестициялық қызмет шеңберінде 2009 жылдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін ӘКК жалпы құны 93,41 млрд. теңгені құрайтын 31 бірлескен жобаны іске асыруға қатысты, оның ішінде жалпы құны 3,3 млрд.теңгені құрайтын 11 жобаны іске асыру аяқталды, оның ішінде ӘКК салымы 1,1 млрд. теңгені құрады. Аяқталған жобалар бойынша салынған инвестициялар толығымен қайтарылды.

Бұдан басқа, салынған инвестицияларды қайтару бойынша іс-шаралар жүргізілуде 9 проблемалық жобалар ішінде 2 жоба бойынша жасалған бітімгершілік келісім шеңберінде сот шешімі бойынша өндіріп алынған берешекті өтеу жүргізіледі, 4 жоба бойынша сот шешімін орындау жүргізіледі, 1 жоба бойынша құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғады, 2 жоба бойынша банкроттық рәсімі басталды.

Қоғам сондай-ақ түрлі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысады. Атап айтқанда, 2023 жылы Қоғам ауыл халқының табысын арттыруға, жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға, жеке қосалқы шаруашылықтардың әл – ауқатын ұлғайтуға бағытталған қолжетімді жылдық 2,5%, 7 жылға дейін кредиттеу шарттарымен «Ауыл аманаты» бағдарламасының сенімді агенті болды. Қысқа мерзімде жалпы сомасы 1,535 млрд. теңгеге 213 шағын несие ресімделді, оның ішінде:

- 309 594 000 теңге сомасына 12 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі қаржыландырылды;

- 1 225 524 000 теңге соманың 201 жеке кәсіпкер мен шаруа қожалықтары мемлекеттік қолдауға ие болды.

Сондай-ақ, өңірдің агроөнеркәсіптік секторының субъектілерін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қолдауға бағытталған «Кен дала-2» кредиттеу бағдарламасын да атап өткен жөн. Қазіргі уақытта ӘКК арқылы аграршыларға 1,5 млрд. теңге берілді, жұмыста 6,8 млрд. теңгеден астам жобалар бар.

2011 – 2023 жылдары алынған пайданың жалпы сомасы шамамен 449,2 млн. теңгені, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы – 637,0 млн. теңгені құрады.

«Алматы» ӘЖК» АҚ қызметі

2020 жылдан 2024 жылдың 1 жартыжылдығына дейінгі кезеңде Қоғам жалпы сомасы 644,9 млрд. теңгені құрайтын 12 инвестициялық жоба бойынша жеке инвестицияларды ұйымдастырды және тартты. 12 жобаның 8-і аяқталды, 3 жоба жобалық-сметалық құжаттаманы (ЖСҚ) әзірлеу сатысында және 1 жоба құрылыстың аяқталу сатысында.

Бизнесті инфрақұрылымдық қолдау «Алматы индустриялық аймағы» ЖШС еншілес ұйымы арқылы жүзеге асырылады. *(бұдан әрі – АА).*

30.07.2024 жылғы жағдай бойынша АА инвестициялық жобаларының жалпы саны 96 құрады. Инвестициялық портфельдің жалпы көлемі 518,9 млрд теңгені құрады.

Кәсіпкерлікті қаржылай қолдауды Қоғамның еншілес ұйымдары – «Almaty Finance (Алматы финанс)» ЖШС және «Almaty» Микроқаржы ұйымы» ЖШС жүзеге асырады.

«Almaty Finance» ЖШС *(бұдан әрі – Almaty Finance)* 2019 жылдың шілдесінде «Almaty Business -2025» кәсіпкерлікті дамытудың аймақтық бағдарламасы аясында құрылды *(бұдан әрі – Бағдарлама).*

2019 жылдан 2024 жылдың 1 жартыжылдығына дейін бөлінген қаражат жалпы сомасы 3 болатын 664 ШОБ жобасын қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. 8,4 млрд теңге.

Алматы қаласында ӘМАТ бағасын тұрақтандыру тетіктерін жүзеге асыру аясында 2019-2022 жылдар аралығында Қоғамға жергілікті бюджеттен 15 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Қоғам Алматы қаласында 2021-2025 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту бағдарламасын жүзеге асырудың операторы болып табылады *(бұдан әрі – Реновация бағдарламасы).*

Қазіргі уақытта ҚКЖ өз қызметін үш бағытта жүзеге асырады:

1) Инвесторлармен бірлесіп жүзеге асырылатын ағымдағы жөндеу жобалары. 280 үйді бұзу жоспарлануда *(2 645 пәтер, ауданы 112 244 ш.м.)* оның орнына жалпы ауданы 1 236 975 шаршы метрді құрайтын 314 үй немесе 17 426 пәтер салынады. м.;

2) Қоныс аудару қорын құру, апатты жағдайдағы, сондай-ақ санитарлық және су қорғау аймақтарындағы қызыл сызықтарда орналасқан үйлердің тұрғындарын бюджет қаражаты есебінен бұзу және көшіру. 250 үйді бұзу жоспарлануда *(2 580 пәтер, ауданы 102 800 шаршы метр)*, 163 үйдің құрылысы *(7 154 пәтер, жалпы ауданы 482 881 ш.м.);*

3) Инвесторлармен бірлесіп уәкілетті ұйымның жобаларын өз қаражаты есебінен жүзеге асыру. 178 үйді бұзу жоспарлануда *(1 424 пәтер)*, 201 үйдің құрылысы *(8 935 пәтер, жалпы ауданы 564 513 ш.м.).*

2023 жылдың нәтижелері бойынша 11,1 млрд. теңге сомасында таза пайда алынды және бюджетке 12,7 млрд. теңге төленді *(2023 жылдың кезеңі және 2024 жылдың 1 жартыжылдығы)*

«Астана» ӘКК» АҚ қызметі

2020 жылдан бастап ӘМАТ-тың барлық 19 атауының бағасын ұстап тұру үшін жалпы сомасы 24,2 млрд.теңгеге 49 қарыз берілді.

Бүгінгі таңда Қоғам 175 инвестициялық жобаны іске асыруда, жалпы инвестиция көлемі 1 трлн. 462,4 гектарға теңге.

Бизнес жобалар шеңберінде жалпы ауданы 58 га болатын 117 жер учаскесінде 78 жоба іске асырылуда.

Тұрғын үй құрылысы шеңберінде жалпы ауданы 404,4 га болатын 158 жер учаскесінде 97 жоба іске асырылуда.

Тұрғын үй құрылысы саласындағы жобаларды іске асыру шеңберінде Қоғам объектіні пайдалануға бергеннен кейін МЖК жалпы алаңының 2,5% мөлшерінде алаңдар түрінде кіріс алады.

Елордаға қоғам тартқан инвестициялар 43,8 млрд. теңгені құрады, оның ішінде бизнес жобалар салаларда іске асырылуда:

Жеңіл өнеркәсіп-2 103 млн. теңге сомасына 9 жоба;

Жылжымайтын мүлік (жатақхана, паркингтер және т. б.) – 15 жоба, сомасы 9 666 млн.теңге;

Машина жасау-1 жоба, сомасы 1 300 млн.теңге;

Инфрақұрылым-3 114 млн. теңге сомасына 9 жоба;

Білім беру орталықтары-2 880 млн. теңге сомасына 2 жоба;

Сауда және қызмет көрсету-35 жоба, сомасы 24 117 млн.теңге;

Туризм – 638 млн теңгеге 7 жоба.

Жарнамалық нысандар (LED экрандар) – 4 жоба.

Жылы аялдамалар - 36 павильон.

Электр жанармай құю станциялары бойынша 2 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Жаңа өндірістік алаңдар құру бағдарламасы шеңберінде қоғамға ЖПЗ құру үшін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан жалпы ауданы 20 000 ш.м. ЖПЗ салу үшін инвесторлардың атына одан әрі қарыз беру үшін 3,484 млрд.теңге мөлшерінде ақшалай қаражат/қарыз бөлінді. Қазіргі уақытта жалпы сомасы 2,7 млрд. теңгеге қаражат игерілді. Бұл қаражат ЖПЗ жобалары бойынша инвесторлар шығыстарының 70% жабуға тиіс. Шығыстардың қалған 30%-ы инвестор/қарыз алушы есебінен жүзеге асырылады.

Бүгін Астана қаласында павильондарды орналастыру көше саудасын жүргізу шағын және орта бизнес субъектілерінің қызығушылығын тудырады.

Жобаны іске асырудың барлық кезеңінде 1037 жер учаскесі қосалқы жалға берілді.

2023 жылы таза пайда 857,9 млн. теңгені құрады және бюджетке 4 792 млн. теңге салық төленді (2011 жылдан 2024 жылға дейін).

«Ұлытау» ӘКК» АҚ қызметі

«Ұлытау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» 2022 жылдың тамыз айында құрылған.

Бүгінгі күні, ӘКК Ұлытау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту, кәсіпкерлік әлеуетті жақсарту мақсатында жұмыс атқаруда.

Айта кетсек, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын реттеу мақсатында Тұрақтандыру қоры жұмысын жүргізуде.

Бұл тарапта ӘМАТ тауарларының 15 түрі бойынша 1,5 млрд. теңгеге 27 контракт жасалып, 2,8 мың тонна тауарға интервенция жүргізілді.

Жыл басынан бастап ӘМАТ тауарларына баға индексі 92,3%-ға төмендеп Ұлытау облысы 17 орында тұр. 2023 жылдың қорытындысы бойынша баға индексі 110,5%-ды құраған болатын *(облыстар арасында 1 орын)*.

Онымен қоса, жергілікті шаруа қожалықтары өз өнімдерін өткізу мақсатында Жезқазған қаласында «Ауыл өнімдері» фермерлік дүкендерін ашу жұмыстары жүргізілуде. Ол дүкендерде ӘМАТ тауарлары төмен бағамен сатылады.

Ұлытау облысының инвестициялық ахуалын жақсарту және инвесторларды тарту бойынша жұмыстар атқаруда.

2024 жылдың ақпан айында ӘКК мен жеке инвестор бірігіп Жезқазған қаласында қонақ үй кешені құрылысын іске асырды. Бюджеттік инвестиция көлемі 256 млн. теңге құрады, қосымша 18 жатын-орын қосылып, жаңа 20 жұмыс орны ашылды.

Жаңа өндіріс орындарын ашу мақсатында Сәтбаев қаласында кіші өндірістік аймақ ашу жұмыстары және индустриалды аймақ ашу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Ауыл Аманаты» бағдарламасын жүргізудің сенімді агенті ретінде «Ұлытау» ӘКК болып белгіленген.

Жоба бойынша елді мекендер мен ауылдық округтерде 102 түсіндіру жұмыстары жүргізіліп 50 мыңға жуық тұрғын қамтылды.

Бүгінгі күні «Ауыл Аманаты» бойынша ӘКК 4,3 млрд. теңгеге 533 өтінім қабылдаған. Оның ішінде жалпы құны 3,1 млрд. теңгеге 403 өтінім мақұлданды.

2022-2023 жылдары алынған залалдың жалпы сомасы 128,7 млн. теңге, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 20,3 млн. теңге.

«Ақтөбе» ӘКК» АҚ қызметі

Жарғылық қызмет түрлері шеңберінде ӘКК төменде көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырады:

ӘКК-мен бірлесіп іске асырылған неғұрлым ірі инвестициялық жобалар мыналар болып табылады:

- Картоп пен көкөністерді тиімді өндіруді, сақтауды және бастапқы өңдеуді құру. Инвестициялар болған жоқ.

- Желімделген ағаш үйлердің өндірістік қуаты мен өндірістік тиімділігін арттыру. Инвестициялар болған жоқ.

- Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу Ақтөбе. Инвестициялар көлемі –296 млн. теңге.

- Кен орнында темір рудаларына барлау жүргізу Ақтөбе облысының. Инвестициялар болған жоқ.

- ЖШС «Сервистік-дайындау жабдықтарының «Көкшетау» орталығы ауыл шаруашылығы жұмыстарының түрлері бойынша қызметтер көрсету. Инвестициялар болған жоқ.

- Тиімді картопты өсіру және сақтау. Инвестициялар көлемі – 950 054 000 теңге.

ӘКК-нің азық-түлік тауарлары нарығындағы бағаны тұрақтандыру жөніндегі миссиясы бөлшек сауда желілері немесе дистрибьюторлар арасында сатылатын тауарларға демпингтік бағалар қою арқылы үстем жағдайға ие болмау болыптабылады, ал кешенді тәсіл арқылы азық-түлік нарығына келесі жолдармен ықпал ету тауар өндірушілерге, бөлшек сауда желілеріне жеңілдікпен несие беру, сондай-ақ белгілі бір нарықтағы маусымдық әсерді азайту және тегістеу үшін тұрақтандыру қорларын қалыптастыру.

Тұрақтандыру қорының тауарлары қолданыстағы бөлшек сауда желілерінде (дүкендерде) әлеуметтік сөрелер және/немесе бөлімдер құру арқылы сатылады. Осы қызмет құру мүмкін емесет жеке кәсіпкерлікпен бәсекелестік, өйткені соңғылары да іске асыруға қатысады осы бағдарламаның.

Сондай-ақ, жеке сауда нүктелерінің өздері ӘКК-мен меморандумдар жасасу арқылы әлеуметтік сөрелерді/бөлімдерді құру жөніндегі іс-шараларға қатысуға бастамашылық жасайтынын атап өткен жөн, бұл жеке кәсіпкерлік субъектілерінің осы тұжырымдаманы іске асыруға мүдделілігін және осы нарыққа әкімшілік ықпалдың жоқтығын көрсетеді.

2011-2023 жылдар кезеңінде залалдың жалпы сомасы шамамен 5,6 млрд. теңгені құрады, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы: 971 млн. теңгені құрады.

«Тараз» ӘКК» АҚ қызметі

ӘКК-мен бірлесіп іске асырылған неғұрлым ірі инвестициялық жобалар мыналар болып табылады:

- «QZQ Finance» ЖШС Жамбыл облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне ауыл шаруашылығы техникасын ұсыну бойынша лизингтік компания құру жөніндегі жоба. Инвестициялар көлемі - 1 082 700 мың теңге.

- Т.Рысқұлов ауданында балық шаруашылығын дамыту жобасы «Nomad Aqua Invest» ЖШС. Инвестиция көлемі - 150 000 мың теңге.

- «Таразкожобувь» ЖШС-нің былғары тауарлары мен аяқ киім өндірісі жөніндегі жобасы. Инвестиция көлемі - 250 000 мың теңге.

- Жуалы ауданында күн-электр станциясын салу «Burnoye Solar-1» жобасы. Инвестициялар көлемі – 543 740 мың теңге.

2024 жылы «ӨДҚ» АҚ-нан Жамбыл облысының аумағында шағын өнеркәсіп аймақтарын (бұдан әрі - ШӨА) салу үшін 4,56 млрд. теңге тартылды. Жобаны іске асыру - барлық заманауи талаптарға жауап беретін және облыс кәсіпкерлері мен шетелдік инвесторлардың сұраныстарын қанағаттандыратын барлық қажетті инфрақұрылымы бар заманауи өнеркәсіптік аймақтарды құруға мүмкіндік береді. ШӨА құрылысы жобасын іске асыру шеңберінде республикалық маңызы бар «Тараз» индустриялық аймағы мен «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағы аумағында шамамен 40 мың шаршы метр өндірістік алаңдар құрылысы жүзеге асырылуда. Пайдалануға беру мерзімі 2025 жылдың мамырына дейін жоспарланған. Дайын өндірістік үй-жайларды өңдеу өнеркәсібі саласындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жалға беру жоспарланып отыр. Бүгінгі таңда 9 шетелдік компаниямен жалпы сомасы 26,7 млрд. теңгеге инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жалға беру бойынша алдын ала уағдаластыққа қол жеткізілді. ШӨА толықтыру бойынша жұмыстары жалғасуда.

«Жамбыл облысы тұрғындарының табысын арттыру жөніндегі жобамен» (бұдан әрі - Жоба), Жамбыл облысы әкімдіктерімен осы пилоттық жоба бекітілді.

Жобаның негізгі мақсаты: - халықты тиімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту болып табылады, осылайша 2019 жылдан бастап ӘКК арқылы халыққы 8 мыңнан астам қарыз берілді, оның ішінде:

- мал басын көбейтуге жалпы сомасы 37 035 000 мың теңгеден астам сомаға 7 890 қарыз берілді;

- техниканы (трактор мен комбайндарды) және аспалы жабдықты (түрлі соқалар мен жер жыртатын агрегаттарды) сатып алуға жалпы сомасы 3 537 000 мың теңгеден астам 533 қарыз берілді;

- өз ісін ашуға (жылыжайлар, дүкендер және т.б.) 676 600 мың теңге сомасына 95 қарыз берілді. 2011-2023 жылдар аралығында шығынның жалпы сомасы 750,5 млн. теңгені құрады, бюджетке төленген салықтардың жалпы сомасы 1 млрд. теңгені құрады.